

## **Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Қамсақты ауылдық округі Карасевка ауылының көшелерін қайта атау туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Қамсақты ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 23 қарашадағы № 24-ш шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес Карасевка ауылы халқының пікірін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2023 жылғы 4 шілде қорытындысы негізінде ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Қамсақты ауылдық округі Карасевка ауылының келесі көшелері қайта аталсын:

Мира көшесін Ақан Сері көшесіне;

Озерная көшесін Жалтыркөл көшесіне;

Трудовая көшесін Еңбек көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

*Ауылдық округ әкімі*

*К. Махметов*